

ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ
ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУ

8-дәріс

БЮДЖЕТТІҢ ҚОСЫМША БАПТАРЫ

География ғылымдарының кандидаты, профессор А.А. Токбергенова

ДӘРІСТІҢ МАҚСАТЫ

Докторанттарға ғылыми жобалар бюджетін жоспарлаудағы қосымша шығын баптарының мазмұнын, құрылымын және есептеу әдістерін түсіндіру.
Жобаның тиімділігін арттыру үшін қосымша шығындарды оңтайлы жоспарлау дағдыларын қалыптастыру.



Бюджет құрылымындағы қосымша баптардың мәнін түсіндіру;



Олардың ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсерін талдау;



Қосымша шығындарды жоспарлау мен басқару тәсілдерін көрсету.

НЕГІЗГІ СҰРАҚТАР:

01

Қосымша шығын баптарының мәні және түрлері

02

Іссапарлар мен көлік шығындары

03

Кеңсе және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

04

Қызметтік байланыс, коммуникация және аутсорсинг

05

Баспа және көрме шығындары

06


Қосымша баптардың тиімділігін бағалау

Қосымша шығындардың мәні

Бюджеттің қосымша баптары – ғылыми жобаны іске асыруға жанама, бірақ маңызды әсер ететін шығындар жиынтығы. Олар негізгі жалақы мен тікелей шығындардан бөлек есептеледі.

НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАР:

01



Іссапар
шығындары

02



Көлік
шығындары

03



Баспа және
жарияланым

04



Кеңсе тауарлары

05



Конференция
және ғылыми
тағылымдамалар

Есептеу принциптері

Барлық қосымша баптар жобаның мақсаттарына тікелей қызмет етуі тиіс, артық және қайталанатын шығындарға жол берілмейді. Әрбір бап қаржылық есепте дәлелдеме құжаттармен (шот-фактура, билет, чек, акт) расталады.

Қосымша шығындардың тиімділігі



01

Жобаның ғылыми нәтижелеріне тікелей әсер ету дәрежесі;



02

Ақпараттық және материалдық қолдау сапасы;




03

Іс-шаралардың имидждік және практикалық пайдасы.



Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидалары Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде төменде көрсетілген көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады



іссапарда жүрген әрбір күні үшін екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тәулікақы төленеді;

тұрғын үй-жайды жалдау жөніндегі шығыстарды өтеу нормасы Астана, Алматы, Шымкент, Атырау, Ақтау және Байқоңыр қалаларында – тәулігіне айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен, облыс орталықтары мен облыстық маңызы бар қалаларда – айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен аспау тиіс

теміржолмен жүрген кезде – купе вагонының (жұмсақ дивандары төменде орналасқан, қалпын реттеу құрылғысы бар отыруға арналған жұмсақ креслолы екі орындық купе (ҰВ) вагондарды қоспағанда) тарифі бойынша төленеді

шетелде қысқа мерзімді іссапарларда жүрген қызметкерлердің тәуліктік және қонақүй нөмірлерін жалдау бойынша шығыстары 80-250 нормалар бойынша АҚШ долларымен және еуромен өтеледі (іс-сапарға баратын елге байланысты төленеді)

егер қабылдаушы тарап осы тармақта көрсетілген қандай да бір іссапар шығыстарын өзінің есебінен төлеген жағдайда, тиісті іссапар шығыстарын төлеуге қаражат бөлінбейді

ІС-САПАР ШЫҒЫНДАРЫН ЕСЕПТЕУ БОЙЫНША ҮЛГІ

ЖОБА атауы
СМЕТА ЖОСПАРЫ
Іс-сапар уақыты

№	Т.А.Ә.	Іссапар бағыты	Іссапар күні	Жол жүру шығыны	Тәулікақы (2 АЕК)	Тұрғын үй-жайды жалдау бойынша (5 АЕК)	Барлығы
1	Аты-жөні, АҒҚ	Қазақстан облыстары	14.07.2025- 20.07.2025	Билет бойынша бағасы жазылады	2 АЕК*7 тәулік (7 тәулік)	5 АЕК * 6 тәулік (6 тәулік)	Тәулікақы шығандары + Тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығындар + жол жүру шығындары
Барлығы				Барлығы	Барлығы	Барлығы	Барлығы шығындар қосындысы

Жоба жетекшісі

Аты-жөні

ҒЫЛЫМИ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ, БАСҚА ДА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР МЕН ЖҰМЫСТАР



**Ғылыми
халықаралық
конференцияларға
қатысу**



**Ғылыми
журналдарда
мақала жариялау**



**Монография
жазып шығару**



**Қызметкерлерді
ғылыми шетелдік
тағылымдамалардан
өткізу**

МАТЕРИАЛДАР, ЖАБДЫҚТАР ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТЫЛЫМДЫ САТЫП АЛУ



Жерге орналастырудағы жобаларды басқаруда GIS, ArcGIS Pro, QGIS, Excel Dashboard және Google Workspace секілді құралдар қолданылады. Бұл құралдар картографиялық талдауды, деректер мониторингін және нәтижелерді визуализациялауды жеңілдетеді. Осы мақсатта қажетті құралдар үшін қаражат жұмсалатын болады.

Материалдар, жабдықтар және (немесе) бағдарламалық қамтылымды сатып алу бойынша қаржыны 3 жылға есептеу кестесі,

P/c №	Атауы	Өлшем бірлігі		Саны, бірлік		Бірлігіне құны, теңге		Жалпы құны, теңге (4-бағ × 5-бағ)
1	2	3		4		5		6
1.	20 __ жыл (1-ші жыл) барлығы				x			
1.1.								
1.2.								
...								
2.	20 __ жыл (2-ші жыл) барлығы				x			
2.1.								
2.2.								
...								
3.	20 __ жыл (3-ші жыл) барлығы				x			
3.1.								
3.2.								
...								
Жиыны (1-бағ + 2 -бағ+ 3-бағ), теңге					x			

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

Қосымша шығын баптарына не жатады?

Іссапар және байланыс шығындарын қалай жоспарлайды?

Баспа және көрме шығындарының тиімділігі неде?

Негізгі және қосымша шығындардың айырмашылығы қандай?

Қосымша баптардың қаржылық есептегі рөлі қандай?





ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚР ҒЖБМ. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидалары», 2023.

Романова М. В. Управление проектами : учебное пособие / М.В. Романова. — Москва : ИД «ФОРУМ» : ИНФРА-М, 2020. – 256 с. : ил. – (Высшее образование). – ISBN 978-5-8199-0308-7. : электронный. – URL: <https://znanium.com/catalog/product/1039340>

OECD (2019). Framework for the Evaluation of Research Projects and Programmes. Paris.

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі Ғылым және технологиялық саясат туралы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000103>